

Семей қаласы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 28/150-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 38/210-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 3863 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 қарашадағы № 12/70-VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 09.11.2023 № 12/70-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 28/150-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 3267 болып тіркелген, 2014 жылғы 7 мамырдағы " Семей таңы" және "Вести Семей" газеттерінің № 35-36 сандарында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 10–тармағының 4) тармақшасында:

бірінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына - 82,5 айлық есептік көрсеткіш;"

үшінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"қайталап некеге отырмаған Ұлы Отан соғысы уақытында қаза тапқан әскери қызметшілердің зайыптарына – 47,6 айлық есептік көрсеткіш;"

төртінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – 47,6 айлық есептік көрсеткіш;"

бесінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 47,6 айлық есептік көрсеткіш ;"

жетінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталғандарға – 12,7 айлық есептік көрсеткіш";"

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

Ж. Рахымғалиев

Б. Ақжалов